

Шидемов А.Г.

Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу бойынша ведомствоаралық жедел тергеу тобы

Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес заңдарында экстремизмге және терроризмге қарсы күресті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылына назар аудару керектігі айтылды. Ресми органдардан алынған статистикалық дерек көздері елімізде экстремизм мен терроризм қаупінің бар екендігін және оның даму үрдісін көрсетті. Өзара әрекеттестік тұрғысынан алғанда, экстремистік бағыттағы қылмыстарға байланысты қылмыстық істерді тергеу жұмысын ұйымдастырудың ең тиімді түрі экстремистік бағыттағы қылмыстар мен терроризм актілерін тергеу бойынша ведомствоаралық жедел тергеу тобын құру туралы ұсыныс жасалды. Жедел тергеу іс-шараларын жедел тергеу тобында жүзеге асыру ғана барлық білім мен машықтарды бір уақытта қолдануға, әр түрлі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қабілеттерінің байқалуына мүмкіндік береді. Жедел тергеу іс-шараларының барынша тиімділікке қол жеткізумен айтарлықтай тез арада өткізілуі мүмкіндігі айтылды. Құқық қорғау органдары мен арнайы мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттестікті реттейтін заңдарға тоқталып кетті.

Түйін сөздер: экстремизм, терроризм, құқық қорғау органдары, ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, ведомствоаралық жедел тергеу тобы.

Shidemov A.G.

Inter-departmental investigation and operational group on investigation of the crime related to extremism

The laws on combating extremism and terrorism specify the importance of mutual cooperation of the law-enforcement and special state authorities of the Republic of Kazakhstan on combating extremism and terrorism. Statistical data obtained from the official sources show that the country has the threat of extremism and terrorism, as well as tendency of its development. The proposal on mutual cooperation was made, where arrangement of investigation of crime related to extremism by establishment of the inter-departmental investigation and operational group on investigation of the crime related to extremism and acts of terrorism is considered as effective. Conduction of investigation and operational actions in the investigation and operational group provides the possibility to apply all knowledge and skills at the same time and open abilities of employees of various law-enforcement authorities. The opportunity of rapid and maximum effective conduction of investigation and operational actions is described. The laws regulating mutual cooperation between the law-enforcement and special state authorities are specified.

Key words: extremism, terrorism, law-enforcement authorities, authorities of internal affairs, national security authorities, inter-departmental investigation and operational group.

Шидемов А.Г.

Межведомственная следственно-оперативная группа по расследованию преступлений экстремисткой направленности

В законах по борьбе с экстремизмом и терроризмом говорилось о важности взаимного сотрудничества правоохранительных и специальных государственных органов Республики Казахстан по борьбе с экстремизмом и терроризмом. Статистические данные, полученные от официальных источников, показывают, что в стране есть угроза экстремизма и терроризма, а также тенденция ее развития. Было внесено предложение о взаимном сотрудничестве, где эффективной является организация расследования преступлений экстремисткой направленности путем создания межведомственной следственно-оперативной группы по расследованию преступлений экстремисткой направленности и актов терроризма. Проведение следственно-оперативных мероприятий в следственно-оперативной группе дает возможность все знания и навыки применить в одно время и дает возможность раскрыться способностям сотрудников различных правоохранительных органов. Описывается возможность быстрого и максимально эффективного проведения следственно-оперативных мероприятий. Расписаны законы, регламентирующие взаимное сотрудничество между правоохранительными и специальными государственными органами.

Ключевые слова: экстремизм, терроризм, правоохранительные органы, органы внутренних дел, органы национальной безопасности, межведомственная следственно-оперативная группа.

**ЭКСТРЕМИСТІК
БАҒЫТТАҒЫ
ҚЫЛМЫСТАРДЫ
ТЕРГЕУ БОЙЫНША
ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ
ЖЕДЕЛ ТЕРГЕУ ТОБЫ**

2016 жылы 5 маусым айында Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғадан кейін шұғыл түрде Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев терроризммен және экстремизммен күрес мәселелері бойынша өткізген кеңесінде «Біріншіден, біз кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамасақ, мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек» деп атап өтті [1].

Елбасымыз айтқан экстремизм мен терроризмге қарсы күрес заңдарында экстремизмге және терроризмге қарсы күресті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылына назар аударғанымыз дұрыс. Бүгінгі таңда ынтымақтаса отырып, жұмысты үйлестіре жүргізу ғана экстремизм мен терроризмнің алдын алып, жолын кесуге болады. Қазірден бастап елбасы айтқан жұмыстарды қолға алмаса, мәселенің бақылаудан шығып, ел қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мүмкіндігі бар. Осы арада елімізде соңғы жылдары экстремизм мен терроризм мәселесінің жай күйін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті берген статистикалық есебіне жүгінсек, келесідей болып тұр (Диаграмма № 1) [2].



Диаграмма № 1

Ресми органдардан алынған статистикалық дерек көздері елімізде экстремизм мен терроризм қаупінің бар екендігін және оның даму үрдісін көрсетті. Соңғы жылдары құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымыздың жұмыстары нәтижесінде оның дамуын біршама тежегенімен, 2016 жылы еліміздің Ақтөбе мен Алматы қалаларында орын алған оқиғалар мәселені толыққанды шешуді талап ететіндігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» және 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І «Терроризмге қарсы іс қимыл туралы» заңдарында экстремизм мен терроризмге қарсы күресті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылы айқындалып көрсетілген.

Экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың жәрдемін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара бірлесе отырып жұмыс жасайды. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеген, тергеу амалдары мен жедел іздестіру шараларын жүзеге асырушы органдардың тәжірибелі қызметкерлерімен жүргізілген сұхбаттасу еліміздің құқық қорғау органдарында экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу жұмысы жеткіліксіз екендігін көрсетті. Тергеу амалдарын жүргізу аясында экстремистік ұйым мүшелерінің қатысуымен өтетін жеке тергеу әрекеттеріндегі тергеушілермен жіберілетін қателіктер, жедел қызметкерлер тарапынан жүргізілетін жедел-іздестіру шараларының тиімсіздігі, жедел іздестіру мен тергеу органдары арасындағы өзара ықпалдастықтың төмендігі сияқты олқылықтар қол байлау болып отыр. Сондықтан құқық қорғау органдары мен мемлекеттік органдардың экстремизммен күресте әрекеттестік мәселелерін тиімді ұйымдастырса үлкен септігін тигізері анық.

Өзара әрекеттестік тұрғысынан алғанда, экстремистік бағыттағы қылмыстарға байланысты қылмыстық істерді тергеу жұмысын ұйымдастырудың ең тиімді түрі экстремистік бағыттағы қылмыстар мен терроризм актілерін тергеу бойынша ведомствоаралық жедел тергеу тобын құру болып табылады.

Ішкі істер органы мен Ұлттық қауіпсіздік органдарының өзара әрекетінің кейбір негіздері «Терроризмге қарсы іс қимыл туралы» және «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» заңдарда

көрсетілген. Онда террористік актілерге қарсы операцияларды дайындау мен өткізу кезінде бірлесе отыра құжаттамалық материалдарды өңдейтін, әр түрдегі террористік актілердің алдын алудың шұғыл тергеулік мәселелерін шешетін, күштерімен және құралдарымен анықталатын, Қазақстан Республикасының облыс аумақтарында шұғыл штабтар құруды қарастырады. Алайда бұл жұмыстар мәселені шешуде өз нәтижесін беруде кемшіл тұстары бар.

Осы күнде елімізде орын алған экстремистік бағыттағы қылмыстар мен терроризм актілеріне байланысты қылмыстық істер бойынша тергеу жұмысын ұйымдастыру шеңберінде өзара әрекеттесіп жұмыс істеуі жұмыс тобын құру арқылы жүзеге асырылып отырады. Бірақ аталған жұмыс топтары тұрақты түрде емес, нақты бір қылмыстық іс бойынша ғана жұмыс жүргізеді және құрамы дәл сол уақыттағы жұмыстың ауқымдылығына байланысты өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде аталған қылмыс түрлерімен күрестің нығаюына кері әсерін беретіні белгілі.

Соған байланысты экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу кезінде құқық қорғау органдарының өз алдына бөлек жұмыс жасауын жою үшін тұрақты жұмыс істейтін Республика бойынша ведомствоаралық жедел тергеу тобы құрылғаны дұрыс. Оның құрамына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тергеу, Криминалды полиция және Жедел-криминалистикалық департаменттердің ең тәжірибелі тергеушілерін, жедел уәкілдерін, криминалистерін, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің экстремизмге қарсы күресті жүзеге асырушы қызметінің қызметкерлері және аталған қылмыс түрлерімен күресте зерттеу, сараптау саласынан мамандары бар органдардың қызметкерлерін кіргізу қажет.

Экстремизммен күрес кезіндегі өзара әрекеттестіктің мұндай түрінің күрескерлік қабілеттілігі оның теориялық әлеуетімен ғана расталып қойған жоқ, сонымен қатар ол практикада сынақтан да өтті.

Мәселен, Ресей Федерациясы Санкт-Петербург қаласының экстремизммен күрес бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы ұйымдастырушылық тұрғысынан алғанда – қаланың әр ауданында жұмыс істеп тұрған сондай ведомствоаралық жұмыс топтарынан тұрады. Санкт-Петербург құқық қорғау органдарының осы бағытта жүргізген жұмыстарының нәтижесінде шетел азаматтарына қатысты жасалған күш қолдану қылмыстарының және пайда табу

үшін күш қолдану қылмыстарының санын азайтуға және қылмыстардың ашылуын 11%-ға арттыруға қол жеткізілді [3].

Жоғарыда аталған көрші елдердегі тәжірибені саралап, жан-жақты қарап елімізде қолданысқа енгізсек нәтижесін көп күттіртпей береді. Егер ұдайы жұмыс істеп тұрған жедел тергеу тобының құрамына штатында жазба, аудио және видео өнімдеріндегі экстремистік материалдардың бары-жоғын анықтайтын зерттеулер мен сараптамалар жасап отыратын мамандары бар сараптау-криминалистік мекемелерінің өкілдері кіргенде, экстремистік бағыттағы қылмыстарға байланысты қылмыстық істер бойынша тергеу жұмысының тиімділігі тек арта түседі. Істің мәні мынада, экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеу кезінде құқық қорғау органдарының бастан кешіретін негізгі қиындығы – тиісті саланың мамандарының болмауы. Мұндай қиындық экстремистік бағыттағы қылмыстар орын алған облыста қажетті саланың сарапшыларының болмауынан туындайды. Мұндай сараптамаларды (зерттеулерді) басқа аймақтарда жүргізу тексерілетін материалдар мен істер жөнінде қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген мерзімде, өз уақытында шешім қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Жедел тергеу тобының алдына қойған басты міндеті мен құзіретін анықтау үшін топ құрамына кіретін ведомствалардың, яғни Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің экстремизм бойынша қарсы күрестегі атқаруға тиісті міндеттерін белгілеп алу керек. Аталған заңдарда олардың өзара әрекетін қарастыруға болады. Бұл орайда Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңын айналып кетуге болмайды. Аталған заңнаманың Ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлер атты 6-бабының 1 тармағында «Ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлер: 8) кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм, экстремизм мен сепаратизм» деп экстремизмді ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіптердің қатарына қосқан.

Дәл осы заңның Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері атты 9-бабының 1 тармағы бойынша «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне:

1) ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, экономикалық тергеу қызметі және авариялық-құтқару қызметтері жатады.

2) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету заңнамада белгіленген өкілеттіктерге сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдары үшін міндетті болып табылады.

3) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері және өзге де мемлекеттік органдар өзара байланыста іс-қимыл жасайды, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау бойынша бірлескен іс-шараларды іске асырады және өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша бір-бірін өзара хабардар етеді.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады» деп жазылған [4].

Басқаша айтқанда барлық ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің кез келген нысаны оның ішінде экстремизм үшін де ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен өзге де мемлекеттік органдардың әрекеттестігі тек қана нормативтік құқықтық актілер негізінде жасалынатындығын айқындаған.

Одан бөлек Ішкі істер органдары мен Ұлттық қауіпсіздік органдарының экстремизмге қарсы іс қимыл туралы заңға сәйкес атқаруға тиісті шаралар тізбегіне тоқтала кетсек. Аталмыш заңның мемлекеттік органдардың экстремизмнің алдын алу саласындағы құзыреті атты 6-бабында «Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде экстремизмнен сақтандыруға бағытталған мынадай алдын алу шараларын іске асырады:

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың дәлелді қорытындылары бойынша өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруіне жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жедел-ізвестіру қызметін, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе

нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан шығарып жіберуді жүзеге асырады» деп көрсетілген [5].

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V «Ішкі істер органдары туралы» және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдарына сәйкес екі ведомствоның құзыретіне де тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігіне зорлықпен қол сұғумен күресу кіреді.

«Ішкі істер органдары туралы» заңның Ішкі істер органдарының өкілеттіктері тақырыбындағы 6 бабында келесідей жазылған:

«2. Ішкі істер органдарының өз құзыреті шегінде:

– төтенше жағдайлардың салдарын жою, терроризмге қарсы операцияны, күзету, көпшілік, карантиндік іс-шараларын өткізу, іздеу салуда жүрген адамдарды ұстау, кепілге алынғандарды босату, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу, жарылғыш заттар, оқ-дәрілер және жарғыш құрылғылар, улы және радиоактивті заттар табылғандығы туралы мәліметтерді тексеру, жаппай тәртіпсіздіктің және жеке тұлғалардың қауіпсіздігіне, инфрақұрылым объектілерінің тыныс-тіршілігіне қауіп төндіретін, қоғамдық тәртіпті бұзатын өзге де топтасқан әрекеттердің жолын кесу кезінде жергілікті жер учаскелерін қоршауға алуды жүргізу» делінген [6].

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңының ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне арналған 3 тарауында:

«12-бап. Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өз өкілеттіктерінің шегінде: 4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, аумақтық тұтастығын бұзуға және қауіпсіздігін әлсіретуге бағытталған терроризм мен өзге де қызметті анықтауға, алдын алуға және тыюға; 5) заңмен ұлттық қауіпсіздік органдарының жүргізуіне жатқызылған қылмыстарды анықтауға, тыюға, ашуға міндетті» деп, белгіленген [7].

Жедел тергеу іс-шараларын жедел тергеу тобында жүзеге асыру ғана барлық білім мен машықтарды бір уақытта қолдануға, әр түрлі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің

қабілеттерінің байқалуына мүмкіндік береді. Жедел тергеу іс-шаралары барынша тиімділікке қол жеткізумен айтарлықтай тез арада өткізілуі мүмкін.

Экстремистік бағыттағы қылмысты тергеу бойынша тұрақты әрекет ететін жедел тергеу тобы ең басты басымдылыққа ие: тергеудің бастапқы кезеңінде уақыт тапшы болған жағдайда ол жеке ұйымдастырылған сұрақтарды шешуге уақыт жұмсамай, барынша жеделділігімен және құзыреттілігімен жұмысқа кіріседі.

Бұл топ бірыңғай қағидалар бойынша, қызметкерлер арасында анық бөлінген өзара әрекеттесу механизмімен құрылу қажет. Экстремистік іс-әрекетті анықтауды, алдын алуды және тергеуді құқық қорғау органдардың толық және жан-жақты өзара әрекеттесуімен, болашақта бар және әзірленетін бірлескен ведомствоаралық нормативтік актілер аясында, экстремистік бағыттағы қылмыстарды және терроризм актілерін толық, тиімді және білікті тергеуге мүмкіндік беретін, мамандандырылған, экстремизм мен терроризмге қарсы жедел тергеу тобын құрумен және қызмет етуімен жүзеге асыру қажет.

Баяндалғанның есебімен, біздің пікіріміз бойынша экстремистік бағыттағы қылмыс жасалған орынға құқық қорғау органдардың кезекші құрылымдарының өкілдерін жібермей, алдын ала құрылған жедел тергеу тобының қызметкерлері шығу қажет, бұл жұмысты мақсатқа бағытты және сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Топ мүшелерінің арасында әр біреуі өздерінің әрекеттерін және оның құзыреттілігін анық білетін, мамандығы, біліктілігі, тәжірибесі мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты қызметкерлердің міндеттерін уақытында бөліп қою мақсатқа сай болады.

Алайда шынайы диалектиканың талаптарына сәйкес көрсетілген өзара әрекеттесудің үйлестірілген үлгілері олардың үнемі дамуында көрсетілуі қажет, криминогендік және шұғыл жағдайдағы кез келген өзгерісте өзінің ерекшеліктері болады, олар оның жетілдірілуіне және басқа түрлерінің пайда болуына мүмкіндік береді. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл ең алдымен: заңнамалық базаны қабылдау және жетілдіру; бірлесе шұғыл тергеу эксперименттерін, комбинацияларды өткізу; экстремистік топтардың басшыларын және жеке мүшелерін әшкерелеу; экстремистік топтардың жоспарын шатыстыру үшін жалған ақпаратты бірлесе ұйымдастыру және оны бұқаралық

ақпарат құралдарына жариялау және т.б., болу қажет.

Жедел тергеу тобы құрамына кірген органдардың кеңесті өткізу; ақпаратпен алмасу; өңірлерге келісілген іс-әрекеттерді өткізу үшін бірлесе іс сапар жасау; экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға мүмкіндік беретін себептер мен шарттарды жою үшін бірлескен нысаналы іс-шаралар өткізу; жедел тергеу тобы құрамында жүріп қызметтеріндегі міндеттерді тиімді әрі нәтижелі орындау үшін бірлескен құқықтық актілерді шығару; келісілген жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеу және бекіту және тағы да басқа сол сияқты шараларды жасау міндеті топ құрамындағы құқық қорғау органдары мен мемлекеттік органдар үшін міндетті болмақ.

Елбасымыз «Құқық қорғау органдарының елдегі заңдылық пен тұрақтылықты сақтаудан асқан маңызды міндеті жоқ», – дей келе мемлекетіміздің қауіпсіздігін нығайту мен тұрақтылығын сақтау саясатындағы құқық қорғау органдары мен арнайы мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің көрінісі ретіндегі біздің тараптан берілген ұсынысымыздың ескерусіз қалмайтынына сенеміз [8].

Біздің тараптан толыққанды осы мәселе бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін растайтын мемлекеттік органдардан алынған ресми ақпараттар, статистикалар, тәжірибе қызметкерлерімен жүргізілген сұхбаттасу нәтижелері және сауалнама қорытындысы аталған ұсынысымызды енгізу керектігін көрсетіп отыр.

Әдебиеттер

- 1 Нұрсұлтан Назарбаев: Кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қатаң тойтарыс беру жайын ойластырумыз керек. [электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ. URL: <http://ortcom.kz> (жүгіну мерзімі: 23.08.2016).
- 2 Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2010-2014 жылғы және 2015 жылдың 6 айы аралығы туралы статистикалық мәліметтері.
- 3 Зайцев С. Противодействие экстремизму // Законность. – 2007. – № 10. – С. 28.
- 4 «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. [электрондық ресурс] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 20.08.2016).
- 5 «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Заңы. [электрондық ресурс] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 25.08.2016).
- 6 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V заңы. [электрондық ресурс] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 26.08.2016).
- 7 «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 заңы. [электрондық ресурс] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгіну мерзімі: 26.08.2016).
- 8 Бүгін ақордада мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев терроризммен және экстремизммен күрес мәселелері бойынша кеңес өткізді, сонымен қатар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кезектен тыс аттестаттаудан өтуі туралы есепті тыңдады. [электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты. URL: <http://www.akorda.kz> (жүгіну мерзімі: 23.08.2016).

References

- 1 Nursultan Nazarbaev: kez kelgen sipattagy jekstremizm men terrorizmge katan tojtarys беру zhajyn ojlastyrumyz kerек. [jelektronдық resurs] // Kazakstan Respublikasy Aқparat zhane kommunikacijalar ministrліginiñ «Ortalyk kommunikacijalar kызmeti» RMM. URL: <http://ortcom.kz> (zhuginu merzimi: 23.08.2016).
- 2 Kazakstan Respublikasy Bas prokuraturasyнын Kуkykтыk statistika zhane arnajsy esepke alu zhonindegi komitetiniñ 2010-2014 zhyly zhane 2015 zhyldyn 6 aiy aralygy turaly statistikalыk malimetteri.
- 3 Zajcev S. Protivodejstvie jekstremizmu // Zakonnost'. – 2007. – № 10. – S. 28.
- 4 «Kazakstan Respublikasynyn ul'tыk қаuiпsizdigі turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2012 zhylygy 6 kantardagy № 527-IV Zany. [jelektronдық resurs] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (zhuginu merzimi: 20.08.2016).
- 5 «Jekstremizmge karsy is kimyl turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylygy 18 aқpandagy № 31-III Zany. [jelektronдық resurs] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (zhuginu merzimi: 25.08.2016).
- 6 «Kazakstan Respublikasy ishki ister organdary turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 23 sauirdegi N 199-V zany. [jelektronдық resurs] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (zhuginu merzimi: 26.08.2016).
- 7 «Kazakstan Respublikasy ul'tыk қаuiпsizdik organdary turaly» Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylygy 21 zheltoksandagy N 2710 zany. [jelektronдық resurs] // URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (zhuginu merzimi: 26.08.2016).
- 8 Bugin akordada memleket basshysy Nursultan Nazarbaev terrorizmмен zhane jekstremizmмен kures maseleleri bojynsha kenes otkizdi, sonymen katar kуkyk korgau organdary kызmetkerleriniñ kезekten tys attestattaudan oтui turaly esepти tyn-dady. [jelektronдық resurs] // Kazakstan Respublikasy prezidentiniñ resmi sajty. URL: <http://www.akorda.kz> (zhuginu merzimi: 23.08.2016).